

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
«Мирас» университеті

МИНИСТЕРСТВО  
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
Университет «Мирас»




Білім алушыларға арналған сынақ тапсыру ережелерінің жиынтығы.  
Свод правил по сдаче тестирований для обучающихся

Университет ОӘК отырысында талқыланды  
Обсуждено на заседании УМС университета  
№ 1 Хаттама «29» 08 2016ж.  
Протокол № 1 «29» 08 2016г.

Университет ҒК отырысында бекітілді  
Утверждено на заседании УС университета  
№ 1а Хаттама «31» 08 2016ж.  
Протокол № 1а «31» 08 2016г.



Шымкент 2016 ж.



Тестілеу орталығы директорымен ЖАСАЛҒАН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН.

Университет Ғылыми кеңесінің «\_\_\_»\_\_\_\_\_2016ж. №\_\_\_ Хаттамасы шешімімен  
20\_\_\_/20\_\_\_ оқу жылынан бастап ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН.

Аталған ереже Тестілеу Орталығында тестілеу тапсыру тәртібін, өткізу ережелерін,  
қауіпсіздік ережелерін анықтайды.

Аталған ереже «Мирас» университетінің жеке меншігі болып табылады және Оқу орны  
оқыту қызметінде ішкі қолдану үшін арналған.

## **1. Жалпы ереже**

Тестілеу Орталығы (әрі қарай ТО) – қауіпсіздік техникасының ерекше ережелері қызмет ететін арнайы жабдықталған ғимарат болып табылады, сондықтан ол жерде жұмыс жасауға тек, әр жарты жылдықта бір реттен кем емес жүргізілетін қауіпсіздік ережелері бойынша индивидуалды тіркелген нұсқаулықтан өткен тұлғалар ғана жіберіледі. Бұл үшін ТО операторлары жауапты болып табылады.

## **2. Тестілеу орталығында тестілеуден өтушілерді өткізудің жалпы ережелері**

- 2.1. Білім алушы тестілік орталыққа, ТО өткізілетін, топтар бойынша емтихандар кестесіне сәйкес барады.
- 2.2. Емтиханға келгенде тестілеуден өтушінің өзімен бірге жеке басын куәлендіретін құжаты болуы керек (жеке куәлік, паспорт, жүргізу куәлігі, студенттік билет, сынақ кітапшасы).
- 2.3. Білім алушы өзінің жеке логины мен құпия сөзі туралы ақпаратты білуі керек.
- 2.4. Тестілеуден өтуші емтихандарды тапсыру ережелерін бұзған жағдайда, ТО операторы оны ғимараттан шығарады.
- 2.5. Тестті тапсыру регламенті бағдарламамен автоматты түрде анықталады. Тестті тапсыру аяқталған соң және/немесе тестті тапсыру мерзімі біткен соң, бағдарлама нәтижені автоматты түрде есептейді және оны ТО базасына жібереді.

## **3. Емтиханда өзін-өзі ұстау ережелері**

- 3.1. Білім алушыларға емтиханды тапсыру барысында калькулятор қолдануға рұқсат етіледі (калькуляторды ұялы телефоннан қолдануға рұқсат етілмейді).
- 3.2. Сыртқы киім, сөмкелер және басқа сырт заттар, көрсетілген аймаққа қойылуы керек.
- 3.3. Тестілеуден өтушілерге бір-бірінен зат алмасуына рұқсат етілмейді.
- 3.4. Басқа да жазбалар немесе сілтемелік материалдары, көшірудің дәлелі ретінде болуы мүмкін, аталған материалдардың сипатына тәуелсіз.
- 3.5. Тестілеуден өтушілер, ешқандайда себеп бойынша емтихан басталғаннан кейін ғимараттан шыға алмайды, ТО-нан шығып кеткендер қайта кіргізілмейді.
- 3.6. ТО ғимаратында, қызметкерлерден басқа, басқа біреулермен сөйлесу – рұқсат етілмейді.
- 3.7. Тестілеуден өтуші ұялы телефон, педджер, планшет, плеер, құлаққаптар, хабарлама жіберуші құралдарын және басқа да ұқсас девайстарды қолдануына болмайды.
- 3.8. Тестілеуден өтуші, емтиханға бөлінген уақыт мерзімі аяқталған соң емтиханмен жұмыс жасауын тоқтатуы керек. Берілген уақыт мерзімі біткен соң жұмысты жалғастыру көшіру секілді саналады. (40 тестілік сұраққа 50 минут уақыт беріледі). Тестті аяқтаған соң немесе оның өзі біткен соң, тестілеуден өтуші тәртіпті сақтай отырып ғимараттар кетеді.
- 3.9. Басқа тестілеуден өтушілердің сұрақтарына жауап беру, басқа тұлғалардан жауап алу секілді есептелінеді. Тестілеу жүру барысында басқаларға көмек берген білім алушы, тәртіп бұзу бойынша жауапқа тартылады.

- 3.10. Жасанды құжаттар арқылы басқа тұлғалардың орнына емтиханды тапсыру немесе емтихан қабылдаушымен сыбайлас түрде бөтен адамның орнына тапсыру, тәртіп бұзушылық ретінде саналады, және жауапқа тартылады.
- 3.11. Аталған ережелерді бұзу университетпен, емтиханды әділетсіздікпен тапсыру үшін қабылданған іс-әрекет ретінде, плагиат ретінде анықталады. Тестілік пәнді тапсыру бойынша нәтиже жойылады. Білім алушыға №2 ТО тестілеуден өтуді қайта тапсыру үшін хабарласуы керек.
- 3.12. Аталған ережелерді өрескел және бірнеше рет бұзу жағдайында білім алушы ғимараттан босатылады, студентке тапсырылып жатқан емтихан үшін автоматты түрде «F» бағасы қойылады.

#### **4. Сынама тестілеуден өтуге рұқсат**

- 4.1. Студенттер ақылы негізде сынама тестілеуден өтуге құқылы болып табылады.
- 4.2. Сынама тестілеуден өту үшін Тестілік орталыққа баруы керек.
- 4.3. Тесттік орталық жұмыс кестесінде студентке сынама тестілеуден өту үшін сағат бөлінеді.

#### **5. Тестілеуден өтушінің құқықтары мен міндеттері**

##### **5.1. Тестілеу орталығында тестілеуден өтушілер міндетті болып табылады:**

- 5.1.1. Тәртіп пен ережені, қауіпсіздік техникасы ережелерін және тазалықты сақтауға;
- 5.1.2. Жұмыс орындарына Тестілеу орталығы операторының көрсетуі бойынша отыруы және оны өз қалауы бойынша ауыстырмауға;
- 5.1.3. Жабдықтың қателіктері немесе бағдарламалық қамтамасыздандырудың дұрыс жұмыс жасамауы туралы Тестілеу орталығы операторына жедел хабар беру;
- 5.1.4. Тестілеу орталығы операторына Тестілеу орталығы ғимаратында кез-келген травматикалық жағдайлар туралы хабар беру, әсіресе электр тогынан.

##### **5.2. Тестілеу орталығында тестілеуден өтуші құқылы болып табылады:**

- 5.2.1. Тестілеу орталығы операторынан көмек және кеңес алуға;
- 5.2.2. Егер дәл оның индивидуалды жұмысының ұзақтығы рұқсат етілген санитарлық нормалардан асып түссе, компьютермен жұмыс жасауды әрі қарай жалғастырудан бас тартуға;
- 5.2.3. Өзіндік түрде электр жабдықты шұғыл сөндіруге, егер осыдан оның және айналасындағылардың қауіпсіздігіне байланысты қатер туатын болса.

#### **6. Меженің тестілік аралық бақылаудан өту бойынша нұсқаулар (Quiz)**

- 6.1. Жұмыс үстелін ашу үшін, сізге жеке логин мен құпия сөзді теру керек.

- 6.2. Тестілік базасына кіру үшін, сізге Mozilla Firefox браузерін (ол панелдің сол жақ шетінде орналасқан) ашу керек, адресілік қатарға тестілік база сілтемесін енгіземіз [www.miras.lan:8081/quiz](http://www.miras.lan:8081/quiz).
- 6.3. Тестілік тапсырмаларды орындауға кірісу үшін сізге жеке логин мен құпия сөзін енгізу керек.
- 6.4. Егер сіз тестілеу базасына кіре алмасаңыз, орныңыздан тұрмай, қолыңызды көтересіз. Тестілік орталықтың операторы сізге келеді (қолы босай сала) және тестілік базасына кіру бойынша көмек береді.
- 6.5. Сіз Тестілік базаға кірген соң, барлық пәндер Quiz нөмерімен шығады.
- 6.6. Сіз Quiz №1 таңдайсыз, бір сұраққа бес жауап нұсқасымен тестілік тапсырмалар шығады, Сіз тек қана бір жауапты көрсете аласыз.
- 6.7. Quiz-ден өту үшін минималды берілген дұрыс жауаптар саны 60%-дан кем болмауы керек.
- 6.8. Сіз жауап берген, бірақ дұрыстығына күман тудыратын сұрақтарға, сіз қайта айналып келіп жауаптың дұрыс нұсқасын жөндей аласыз.
- 6.9. Сіз жауап берген тестілік сұрақтар нөмері жасыл түспен белгіленеді. Сұрақтың түсі жауаптың дұрыстығының белгісі емес. Нәтижені сіз тек тестілік тапсырмаларды орындап болған соң ғана біле аласыз.
- 6.10. Егер сіз сұрақтардың 75% дұрыс жауап берсеңіз, сізге Quiz №2 немесе келесісі алдын-ала мерзімінсіз ашылады.
- 6.11. Егер сіз тестілік тапсырмалар сұрақтарына дұрыс жауап бергеніңізге сенімді болсаңыз, бірақ нәтижесі аз болса, Сіз тесттік тапсырмалар аяқталған соң апелляцияға Тесттік Орталық директорына баруыңызға болады.
- 6.12. Егер сіз өзіңізді нашар сезінсеңіз, орныңыздан тұрмай қолыңызды көтеріңіз, сізге Тестілеу орталығының операторы келеді.
- 6.13. Ғимараттар шығуға тыйым салынады! Егер сіз тесттік тапсырмалар орындап болмай, Тесттік орталықтан рұқсатсыз шығып кететін болсаңыз, сізді емтихан тапсырғанға дейін қайта кіргізбейді. Сіздің нәтижеңіз «F» болып есептелінеді.
- 6.14. Тестілеуді аяқтаған соң, ғимараттан шығар кезде, тыныштық сақтаңыз!

## **7. Мемлекеттік қорытынды аттестациясының тестілік емтиханынан өту бойынша нұсқаулар.**

- 7.1. Сізге жұмыс үстелін ашу және жеке логин мен құпия сөзді теру керек.
- 7.2. Тестілік базасына кіру үшін, сізге Mozilla Firefox браузерін (ол панелдің сол жақ шетінде орналасқан) ашу керек, адресілік қатарға тестілік база сілтемесін енгіземіз [www.miras.lan:8081/quiz](http://www.miras.lan:8081/quiz).
- 7.3. Тестілік тапсырмаларды орындауға кірісу үшін сізге жеке логин мен құпия сөзін енгізу керек.
- 7.4. Егер сіз тестілеу базасына кіре алмасаңыз, орныңыздан тұрмай, қолыңызды көтересіз. Тестілік орталықтың операторы сізге келеді (қолы босай сала) және тестілік базасына кіру бойынша көмек береді.
- 7.5. Тесттік базаға кірген соң, сіз өзіңіздің кестеңіз бойынша пәнді таңдайсыз. Сонымен қатар сіз тапсыру тілін таңдай аласыз, қазақша/орысша.

- 7.6. Сіз кесте бойынша пәнді таңдадыңыз, сіздің алдыңыздан бес түрлі жауап нұсқасымен тесттік тапсырмалар пайда болады. Бір сұраққа сіз тек бір жауап қана бере аласыз.
- 7.7. Сіз жауап берген, бірақ жауабыңыздың дұрыстығына күман келтіретін болсаңыз, сұраққа қайта айналып келіп жауапты жөңдей аласыз.
- 7.8. Сіз жауап берген тестілік сұрақтар нөмері жасыл түспен белгіленеді. Сұрақтың түсі жауаптын дұрыстығының белгісі емес. Нәтижені сіз тек тестілік тапсырмаларды орындап болған соң ғана біле аласыз.
- 7.9. Егер сіз тестілік тапсырмалар сұрақтарына дұрыс жауап бергеніңізге сенімді болсаңыз, бірақ нәтижесі аз болса, Сіз тесттік тапсырмалар аяқталған соң апелляцияға Тесттік Орталық директорына баруыңызға болады.
- 7.10. Тестілеу уақыты сіз пәнді таңдағаннан бастап 120 минутқа дейін созылады.
- 7.11. Егер сіз өзіңізді нашар сезінсеңіз, орныңыздан тұрмай қолыңызды көтеріңіз, сізге Тестілеу орталығының операторы келеді.
- 7.12. Ғимараттар шығуға тыйым салынады! Егер сіз тесттік тапсырмалар орындап болмай, Тесттік орталықтан рұқсатсыз шығып кететін болсаңыз, сізді емтихан тапсырғанға дейін қайта кіргізбейді. Сіздің нәтижеңіз «F» болып есептелінеді.
- 7.13. Тестілеуді аяқтаған соң, ғимараттан шығар кезде, тыныштық сақтаңыз!

## **8. Тестілік Орталықтағы қауіпсіздік техникасы ережесі**

### **8.1. Қауіп-қатер көздері:**

- 8.1.1. 220 В кернеу қоректенуімен электр жабдықтары, мониторлар, электрлік ажыратқышы, электрлік жарақат алу көзі болып табылуы мүмкін желілік фильтрлер;
- 8.1.2. Электрлік жабдықтардың болуы өрт шығу қауібін жоғарылатады;
- 8.1.3. Компьютерлер мониторлары, электромагниттік, электрлік және магниттік статикалық өрістерді иондық таратудың әлсіз көздері болып табылады.

### **8.2. Қауіпсіздік ережелері:**

#### **Тыйым салынады:**

- 8.2.1. Сырт киіммен және сулы қолмен жұмыс жасауға;
- 8.2.2. Сыртқы көрінісінде ақауы бар немесе қосу сымдарының изоляциясы бар электр жабдықтармен жұмыс жасауға;
- 8.2.3. Жабдықтың ажыратқыштарын өзіндік ауыстырып қосуға;
- 8.2.4. Қандай да бір жабдықтарды әкелуге және оны өз қалауы бойынша қосуға;
- 8.2.5. Жабдықтардың тесіктеріне бөгде заттарды тығуға;
- 8.2.6. Жабдықтарды оператордың рұқсатынсыз қосуға немесе өшіруге;
- 8.2.7. Монитордың экранына және артқы бетіне, пернетақтаға тиісуге.

### **8.3.Электр тогынан зақымдану кезінде,**

#### **Қажет:**

- 8.3.1. Токтың іс-әрекетін тоқтату (ең дұрысы жабдықты шұғыл өшіру, себебі ток ұрған адамды тарту барысында оны құтқарушы адамды да ток ұруы салдарына алып келуі мүмкін);
- 8.3.2. Орын алған жағдай туралы Тесттік орталық операторына шұғыл түрде хабар беру, тоқтату (тіпті бір қарағанда тек қорқу ғана болсада);
- 8.3.3. Қажет болған жағдайда алғашқы көмек көрсету. Медициналық көмек көрсету пунктіне бару.

### **8.4.Өрт қауіпсізді ережелері:**

#### **Тыйым салынады:**

- 8.4.1. Ашық өрт көзін қолдануға (сіріңкелер, тұтатқыштар, петардалар және басқа да);
- 8.4.2. Ғимаратқа тез өртенгіш заттарды әкелуге (лактар, бояулар, ұнтақтар және т.б.);
- 8.4.3. Бұзылған электр жабдықтарын қолдануға (жанушы изоляцияның спецификалық иісі шығу жағдайында, сәйкес жабдықты өшіру керек және Тесттік орталық операторына хабар беру керек);
- 8.4.4. Эвакуация жолдарына өткелдерді және алғашқы өрт сөндіру құралдарына қол жетімділікті жабуға немесе бөгеуге;
- 8.4.5. Өшірілмеген электр жабдықтарының өртенуін сумен немесе қарапайым өрт сөндіргіштерімен өшіруге;
- 8.4.6. Тестілеуден өтушілерді өртті сөндіруге тартуға.

### **8.5.Өрт қауіпі жағдайында (түтін шығу, өртену)**

#### **Қажет:**

- 8.5.1. Жедел түрде барлық электр жабдықтарын өшіру, өрт шығу көзін (түтін шығу) анықтау, және оны алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жою;
- 8.5.2. Егер өрт шығуын өшірудің алғашқы іс-әрекеттері бірінші минуттардан бастап нәтижесіз болса, тестілеуден өтушілер эвакуация жоспары бойынша сыртқа шығарылады, ғимарат бойынша дабыл қағылады, өрт туралы хабарланады.